

«Боранкүл» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

«Торғайды жаңбырдан жасырайық»

(ұйымдастырылған іс-әрекет)

Өткізген: М.Коптлеуова

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Жапсыру

Тақырыбы: «Торғайды жаңбырдап жасырайық»

Мақсаты: Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік жапсырма үлгісін жасауға үйрету; композиция туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру; күз мезгілі құбылыстары жөнінде білімдерді жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді кескіңге жағып, майлықпен сұрту амалдары арқылы дамыту; тамшылар кескіндерін үстіден төменге қарай бағыттап жапсыру техникасына машықтандыру; қарапайым композицияны құруда жазықтықты бағдарлауға үйрету; зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын арттыру; құстарды аялай білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Жапсыру іс-әрекетіне қатысты қимылдарды қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді "жыл құстары", "тамшылар жауды", "жанында", "жоғарыда", "төменде", "үстіден төмен қарай" сөздері мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздігінен жапсыру, рефлексия, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

Көрнекілігі: Күздің келгені туралы бейнеролик көрсетіледі.

Ырғақты, темпі орташа аудиожазбасы.

Қағаздың үстіңгі жағында дайын бұлт сұлбасы және төменде дайын торғай кескіні орналасқан үлгі негізі.

Табакшада алдын-ала қайшымен қиылған тамшылар, шатыр сұлбасы.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі) немесе осы заттардың бейнесуреттері.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық козғаушы күш	Балаларды әуен арқылы қабылдау Шаттық шеңбер Күліп шықты күн бүгін, Дөңгеленіп тұрайық. Шеңберді біз құрайық, Қол ұстасып бәріміз Ақ тілекті жолдайық! Әлемде нұр тыныштық Әрбір бейбіт күн ыстық! Қайырлы күн апайлар! Қайырлы күн достарым!	Әуенге билеп кіреді Қонақтармен амандасады
Ұйымдастырушы- ізденушілік	Бейнероликті көрсету. Күздің келгені туралы бейнеролик көрсетіледі. Жаңбыр жаады, сары	

жапырақтады жел ұшырып барады,
құстар жылы жаққа ұшып кетіп жатыр,
аташ бұтағында торғай отыр.

1.2. Көркем сөз.

Күз бақтарда жүреді,
Сары жетін түреді,
Жапырақты сабағымен,
Бұталардан үзеді.

Ұшып жатыр, айналып,
Жылы жаққа айдалып,
Суық желдің жолымен
Жыл құстары ән салып.

Ұшып жатыр жүзделіп,
Қоштасуда күзбенен.
Қосылмайды тек торғай,
Сайрамайды, үн беріп.
– Балалар, күзде торғай құсы ешқайда
ұшпайды. Ол бізде қыстап қалады.
Торғайдың көңілін көтерейікші, шатыр
жасап берейік.

-Иә, жасап берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу ("Шатыр астында торғай").

Үлгілер: 1- қағаз үстінде дайын бұлт
сұлбасы және төменде дайын торғай
кескіні; 2- бірінші нұсқадағы кескіндерге
қосымша детальдар салынған; бұлттан
тамшылар жоғарыдан төмен
бағытталып жапсырылған.

Балаларға үлгінің бірінші нұсқасы
көрсетіледі.

– Балалар, мына суретте нені көріп
отырсыңдар?

- Иә. Торғай отыр.Жарайсың.

– Қалай ойлайсыңдар, торғай қуанып
отыр ма?

-Торғай

-Торғай көңілсіз

-Жаңбыр жауады,

-Иә. Күн бұлтты, жаңбыр жауалы.

-Балалар, жаңбыр жауса не істеу керек?

Иә. Торғайға шатыр керек. Өмита,
торғайға не керек? Жарайсың.

-Міне, мен шатыр жапсырып
қойғанмын. Айтумыс, мынау не? Иә.

Мынау шатыр. Жаксы.

-Балалар, ауа-райы бұзылды. Не болды?

Иә. Абылай, жаңбыр жауып тұр.

Жарайсың.

-Балалар, мынау, тамшылар.

Қайталайық. Олар не істеп жатыр?

Тамшылар тамшылап жатыр. Жарайсың.

Дидар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балалар алдындағы панноға не тактаға,
қағаз үстінде бұлттың дайын сұлбасы
және төменде торғайдың дайын кескіні
бар үлгі орналастырылады.

-Балалар, мен жаңбыр жаумай тұрғанда
ең біріншіден шатырды жапсырамын.

-Мен шатыр кескінін жаймада аударып,
қылқаламды үш саусақпен ұстап, желімді
алып кескін шетіне жағамын. Кескінді
екінші қол саусақтарымен тіреп
отырамын. Егер желім бітіп қалса, тағы
да малып, жағамын. Қылқаламды
тіреушеге қойып, кескінді қағазға,
торғайдан жоғары, аударып,
жапсырамын. Майлықпен кескін үстінен
басып, артығын сүртіп аламын.

-Балалар, торғайдың үсті су болмайды.
Міне жаңбыр жауады.

Балаларға тамшылардың жапсыру
амалдарын көрсету. Жапсыру орындарын
көрсетіп, түсіндіру.

-Балалар, мен тамшыны бұлттан төмен
жапсырамын. Жанына тағы да
жапсырамын.

Уақытты үнемдеу үшін, тамшылар
кескіндеріне желімдерді алдын-ала
жағып қоюға болады.

-Шатыр керек

-Жаңбыр жауды

– Балалар, тамшылар бұлттың барлық істiнен атып, оң жақта, сол жақта, ортада, төменде, бұрышта жапсырылған.
 – Зерс, тамшылар қайда жапсырылған? Оң жақта, сол жақта, ортада, төменде, бұрышта. Жарайсың.
 Бұл сұраққа бiрнеше бала бiр сөзден айтып тура жауап беруi мүмкiн. Желiмнiң сүртілуiне, жұмыстың тазалығына балалардың назары аударылады.

2.3. Саусақ жаттығуы.

Құстар ұшып барады (алақандарды ашып-жинау),
 Қанаттарын кең жайып (алақандарды ашып-жинау).
 Торғай бiзбен қалады (алақандарды бiрiн-бiрiне қосып, қысу),
 Бақылап ауа райын (алақандарды бiрiн-бiрiне қосып, қысу).
 (Соңғы екi жол екi рет қаталанады)

- Кел, торғайым, мұнайма (саусақтарды өзiне қарай бұлғау, "шақыру"),
 Жылытайық бойыңды (алақандарды өзара уқалау).
 Бiзден босқа сұрама (алақандарды өзара уқалау),
 Жазда қалған ойынды (шапалақтау).

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, бiрiншi бiз ненi жапсырамыз?
 Тамшыларды ма, шатырды ма?
 – Иә, бiрiншi шатырды жапсырамыз.
 Жарайсыңдар.
 – Содан соң ненi жапсырамыз?
 Тамшыларды. Тамшыларды қалай жапсырамыз? Үстiден төменге қарай.
 Қайтала.
 – Тамшылар тек жоғарыда бола ма?
 Тамшылар ортада, төменде, жанында, бұрышта да болады. Жарайсыңдар.
 – Балалар, майлық бiзге не үшiн керек?

Балалар кимылдарды педагогтiң соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздердi айта алғандарына қарай қайталайды.

-Шатырды жапсырамыз

-Тамшыларды жапсырамыз

-Желiмдi сүрту үшiн

Иә, Желімді сүртеміз. Жарайсыңдар, бастайық.

2.5. Өздігінен жапсыру.

Өздік жұмысы барысында баламен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Сөздік жұмысын ұйымдастыруда балаға нақтылы сұрақтар қойылады. Мысалы, "Бірінші нені жапсырасың?", "Желімді қай жеріне жағасың?", "Кескінді қай жерге жапсырасың?"

Балаға "шатыр торғайдан жоғары", тамшылар "жоғарыда", "ортада", "төменде", "жанында", "желімді сүртемін" сияқты сөздерді айтқызып отырғызу.

Сергіту ойыны: «Күз мезгілін сипатта»

Мақсаты: балаларға іс-әрекетті қорытуға, күз мезгілін сипаттау арқылы сөздік қорларын дамыту.

Рефлексивті
коррекциялаушы

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін біз ненің бейнесін жасадық? Торғайға шатыр жасадық.
– Торғайды шатырдың астына не үшін жасырдық? Иә. Жаңбырдан сақтау үшін. Жарайсыңдар.

– Қараңдар, балалар, сендердің жұмыстарыңда тамшылар барлық жерде жоғарыдан төмен тамшылап жатыр.

Торғай шатырдың астында тоңбайды, үсті су болмайды, құрғақ болып қалады.

– Бүгін барлығың көп жұмыс жасадыңдар. Жарайсыңдар. Сау болыңдар!

Балалар өз жұмыстарына қарап, жақсы көңіл-күйге бөленеді.

- Жаңбырдан сақтау үшін.